

# Қазақстан Республикасындағы 2024 жылы мал шаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштері

Жариялау күні: 04.04.2025


Келесі жариялау күні: 06.04.2026

- Негізгі кезеңдер
- Мал шаруашылығының негізгі көрсеткіштері
- Глоссарийлер
- Әдіснамалық түсініктемелер
- Жариялымдарға байланысты сілтемелер
- Пайдалы сілтемелер

## 1. Негізгі кезеңдер

Жедел деректер бойынша мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі өткен жылға 103,6%-ды құрады. НҚИ өсуі мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндірісінің өсуімен - мал мен құсты союу немесе өткізуіне, сауылған сүтке, жұмыртқа өндірісіне негізделеді.

Мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі




\*- жедел деректер (2025 жылғы Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес, ауыл шаруашылығының жалпы шығарылымы бойынша анықталған деректер 2025 жылдың 26 мамырында жарияланады).

## Динамикалық кестелер:

[Мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі](#)

## 2. Есепті кезеңдегі мал шаруашылығының негізгі көрсеткіштері

Мал шаруашылығы өнімдерінің жеке түрлерін өндіру



2024 жылы мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмақта шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгенінің көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға, сиыр сүтінің өндірісі тиісінше 4,5%, тауық жұмыртқасының өндірісі - 1,3%-ға ұлғайды.

## Электронды кестелер:


[1. Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені](#)

[2. Сүттің барлық түрлерін өндіру](#)

[3. Құстың барлық түрлерінен жұмыртқа өндіру](#)

## 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мал мен құстың саны


2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында жылқы саны 2024 жылдың сәйкес күнімен салыстырғанда – 13% өсті, түйе 5,9%, ірі қара мал 20,6%, қой мен ешкі 8,3%, құстың басы – 3,3% құрады. Шошқаның басы – 0,8% азайды.



### Электронды кестелер:

[1 қаңтардағы жағдай бойынша мал мен құстың саны](#)


## 2024 жылғы мал шаруашылығы көрсеткіштерінің өнімділігі



2024 жылы бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымы 2023 жылмен салыстырғанда – 0,7%-ға (ауыл шаруашылығы құрылымдарында 7,4%-ға ұлғайды) азайды. Союға өткізілген ірі қара малдың орташа тірі салмағы 0,6%-ға (ауыл шаруашылығы құрылымдарында – 1,4%) азайды. Сол уақытта бір жұмыртқалайтын тауыққа келетін орташа жұмыртқа шығымы – 2,1%-ға (ауыл шаруашылығы құрылымдарында 1,9%-ға) ұлғайды.

## 2024 жылғы өнімділік бағыты бойынша ірі қара малдың басының құрылымы

ІҚМ басының жалпы мал басына үлесі, %



\* Статистикалық мақсаттар үшін ресми статистикалық ақпаратты қайта қарау қағидаларының 10-тармағы 2-тармақшасына сәйкес және шаруашылық бойынша есептің жаңартылған әкімшілік деректері негізінде шаруа және фермер

қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарға қатысты 2023 жылға мал шаруашылығы статистикасының жеке көрсеткіштеріне арнайы қайта қарау жүзеге асырылды.

### **Электронды кестелер:**

[Бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымы](#)

[Бір жұмыртқалайтын тауыққа келетін орташа жұмыртқа шығымы](#)

[Ауыл шаруашылығы малдарынан алынған төл және малдың өлім-жітімі](#)

[Жүн өндіру](#)

[Бал өндіру](#)

[Малдың барлық түрлерінің терілерін өндіру](#)

[Шаруашылықта сойылған немесе союға өткізілген мал мен құстың бір басының орташа тірі салмағы](#)

[Шаруашылықтардың барлық санаттарындағы тірідей салмақта шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілген мал мен құстың сойыс салмағындағы шығымы](#)

### **Жылдар бойынша динамикалық қатарлар**

[1990-2024 жылдар бойынша мал мен құстың саны \(динамикалық қатарлар\)](#)

[1990-2024 жылдар бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің жеке түрлерін өндіру \(динамикалық қатарлар\)](#)

### **3. Глоссарийлер**

Ауыл шаруашылығы құрылымдарына ауылшаруашылық кәсіпорындары мен дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары жатады.

Ауылшаруашылық кәсіпорны – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтаумен және қайта өңдеумен, ауыл шаруашылығы саласында қызмет көрсетумен айналысатын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;

Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының саны – есепті күнге шаруашылықтарда бар тірі мал мен құстың саны;

Жұртшылық шаруашылықтары – жеке қосалқы шаруашылықтар, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай телімдері. Жеке қосалқы шаруашылық – қызметі ауылды жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер телімдерін өз мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған жұртшылық шаруашылығы;

Мал мен құстың өнімділігі – малдың немесе құстың бір басына шаққандағы мал шаруашылығы өнімінің өндірісін сипаттайтын көрсеткіш;

Мал мен құсты шаруашылықта сою немесе союға өткізу – тікелей шаруашылықта немесе қасапханада мал мен құсты етті өз қажеттіліктеріне пайдалану үшін, ұйымдарға, кәсіпорындарға және шаруашылықтың қызметкерлеріне, соның ішінде баспа-бас мәмілелер бойынша сату немесе беру үшін сою, сондай-ақ мал мен құсты базарларды қоса алғанда тамақтандыру желілері (асханалар, мейрамханалар, дәмханалар), сауда желісі арқылы даярлау ұйымдарына, өңдеу кәсіпорындарына союға сату, сондай-ақ экспортқа шығару;

Мал шаруашылығының өнімін өндіру – ауыл шаруашылығы малдарын пайдалану нәтижесінде дайын өнім мен шикізат өндіру (сүт, жұмыртқа, жүн, тері), мал мен құстың барлық түрлерін шаруашылықта сою немесе союға өткізу, ара шаруашылығы және терісі бағалы аң шаруашылығы өнімдері;

Өлім-жітім – аурулардың, апаттардың, қызметкерлердің немқұрайлы қарауы және осыған ұқсас себептер нәтижесінде өлген және амалсыздан сойылған ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының саны;

Төл – өлі туған төлді есепке алусыз, шаруашылыққа тиесілі аналықтардан туған тірі мал саны.

### **4. Әдіснамалық түсініктемелер**

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша деректер және мал мен құстың саны мынадай түрде қалыптасады:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары "Мал шаруашылығының жағдайы туралы есеп" №24-сх нысанының ай сайынғы есебі негізінде;

- дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша – негізіне: шаруа немесе фермер қожалықтарының электрондық шаруашылық бойынша есеп және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру туралы іріктеп зерттеу деректері енгізілген есептер негізінде;

- жұртшылық шаруашылықтары бойынша – негізіне: электрондық шаруашылық бойынша есеп, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру туралы жұртшылық шаруашылықтарын іріктеп зерттеу деректері енгізілген есептер негізінде.

Неғұрлым толық әдіснамалық түсініктемелер келесі сілтеме бойынша қол жетімді:

[Мал шаруашылығы бойынша статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі](#)

## 5. Жариялымдарға байланысты сілтемелер

[Статистический сборник «Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы» статистикалық жинағы \(жылдық\)](#)

## 6. Пайдалы сілтемелер

[«Мал шаруашылығының жағдайы туралы есеп» \(24-сх индексі, жылдық\) статистикалық нысан](#)

[«Шаруа немесе фермер қожалықтарында және жұртшылық шаруашылықтарында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру» \(А-008 индексі, тоқсандық\) статистикалық нысан](#)

[Сапа бойынша есептеу](#)

[«Талдау» Ақпараттық-Талдамалық жүйесі/Статистика бөлімдері «Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы»/ Мал шаруашылығы](#)

<b>Шығарылым үшін жауапты:</b> Ауыл шаруашылығы статистикасы және ұлттық санақтар департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Ә.Джартыбаева Тел. + 7 7172 749162	<b>Орындаушы:</b> А.Турмағанбет Тел. +7 7172 749316 E-mail: ai.kalieva@aspire.gov.kz	<b>Мекенжайы:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
--	--	---	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы